



Бекітемін:  
Мектеп директоры  
М.С. Нидерквель  
«2» 09 2025 ж.

**Ересек топ 4 жастағы балалар**  
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**  
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**  
**2025 – 2026 оқу жылына арналған**  
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Қыркүйек айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	<b>Дене тәрбиесі</b>	<p><b>Негізгі қимылдар:</b>  <i>Жүру:</i> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.  <i>Тепе-теңдікті сақтау:</i> қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру;  <i>Жүгіру:</i> 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіру.  <i>Еңбектеу, ормелеу:</i> табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арқаның астынан еңбектеу;  <i>Секіру:</i> 4-5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40-50 сантиметр) секіру, 20-25 сантиметр биіктікten секіру  <i>Лақтыру, домалату, қағып алу:</i> допты бір-біріне төменин және бастан асыра лақтыру (1,5 метр қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан);  <i>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру.</i> онға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстая және жақын тұру.  <b>Ырғақтық жаттығулар.</b>          Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау  <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b></p>

*Қол және иң белдеуіне арналған жаттығулар.*  
Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу;  
*Кеудеге арналған жаттығулар.*

Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкеу, шалқаю. Тұрган қалыпта екі аяқ бірге (алшак), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.  
*Аяқта арналған жаттығулар.*

Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдыменөкшени, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылату. Қатарынан 4-5 рет жартылайотыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бұгу, алға созу, қайтадан бұгу және түсіру.

#### **Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.

#### **Қимылды ойындар.**

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

#### **Дербес қимыл белсенділігі:**

Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Дене тәрбиесіқұралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.

#### **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Балаларға адамның дene және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қоргауға, күтүгे болатыны туралы түсінік беру.

Дене белсенділігі (таңертенгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен үйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кенейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.

#### **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Балаларды ұқыптылықта, тазалықта, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамактанар алдында, дәретханаға барғанин кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууга, тісін тазалауга үрнету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.

Тамактану әдебін сақтау. Тамакты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы),

	<p>майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.</p> <p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары.</b></p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b></p> <p>Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ журу. Қимылдауга ыңғайлыш, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дene жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
Тіл дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b></p> <p>Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтудағы дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтудағы жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b></p> <p>Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаган орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктегі мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b></p> <p>Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруга, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b></p> <p>Балаларды әңгіме айтудағы үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бүйімдары бойынша әңгімелер құрастыруға баулу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуда, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуда, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалықекпінді қолданып, оларды есте сактауда, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауда, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>
Қазақ тілі	<p><b>Тілдік дамытушы орта</b></p> <p>Айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы ақпараттарды алуша және оларды талқылауда мүмкіндік беру.</p>

	<p><b>Сойлеудің дыбыстық мәдениеті</b>          Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сойлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, к, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуга баулу.</p> <p><b>Сөздік кор</b>          Қоршаған ортадағы заттар мен есімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табигат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b>          Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сойлеу</b>          Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуга баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b>          Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтауды үйрету.</p> <p><b>Сан, санау:</b>          5-ке дейін реттік санау дагдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауга «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауга, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету</p> <p><b>Шама:</b>          Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Ұзындығы және ені бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру дағдысын дамыту</p> <p><b>Геометриялық фигуналар:</b>          Геометриялық фигуналарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (цилиндр) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді жетілдіру</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b>          Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалуды(алға-артқа, онға-солға, жогары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді үйрету (менің алдында үстел, сол жағымда орындық тұр).</p> <p><b>Үақытты бағдарлау:</b>          Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бұғін», «кеше», «ертең» туралы үтімдарын көңейту.</p>

	<p><b>Сурет салу</b></p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, үқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа.</p> <p>Балалардың гүлдер, қоршаган заттар мен табигат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызыл сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды қалыптастыру.</p> <p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мұсіндеу. Мұсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Тұзу сзыық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиуды үйрету.</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бұктеу арқылы сопақша пішіндерді қысп алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгеністерді, гүлдерді қиода қолдану. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қио және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындаудың қалыптастыру.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p><b>Құрылыш материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру</b></p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлдененеңінен орналастыру дағдыларын дамыту</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b></p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге айналдыра білу</p> <p><b>Табиги, қалдық материалдардан құрастыру:</b></p> <p>Табиги (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың</p>

	<p>турларі, пластик, қораптар, кір қыстырығыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>
<b>Музыка</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімеледі жетілдіру  <b>Ән айту:</b> Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету  <b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру  <b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды таныстыру.  <b>Билер:</b> Әуеннің көнілді би сипатын қабылдауға үйрету</p>
<b>Коршаган әлеммен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үйі:</b> Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру.  <b>Заттық әлем:</b> Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру.  <b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.  <b>Еңбекке баулу</b> Балалардың еңбек етуге деген он қозқарасын тәрбиелеу Топты және ойын алаңын таза ұстaugа, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу Өзгенін енбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.  <b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге үйрету  <b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту.</p>

**Жолда журу ережелері.**

Балалардың оз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсок жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дүрыс ұстауға үйрету.

**Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.**

Қаралайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар тұсті, күннің сұзықтығы), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, судың қасиеттерін анықтауды үйрету.

**Осімдіктер әлемі.**

Осімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кенектуу: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).

**Жануарлар әлемі.**

Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымга тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауына зейіндерін аударуды дамыту

**Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын менгеруіне ықпал ету.**

Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен съшайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру;

«Балабақшадагы қауіпсіз мінез-құлық ережелері»

Дәретхана мен жатын бөлмедегі мінез-құлық ережелерін таныстыру



Бекітемін:  
Мектеп директоры  
М.С. Нидерквель  
«д» о 2025 ж

**Ересек топ 4 жастағы балалар**  
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**  
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**  
**2025 – 2026 оқу жылына арналған**  
**ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Қазан айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
	<b>Дене тәрбиесі</b>  <b>Негізгі қимылдар:</b> <i>Жүру:</i> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. <i>Тепе-төндікті сақтау:</i> қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденин 20 – 25 сантиметр жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту. <i>Жүгіру:</i> аяқтың ұшымен, тіzenі жоғары көтеріп, адымдал жүгіру, орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру. <i>Еңбектеу, өрмелу:</i> гимнастикалық қабырғага жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту. <i>Пақтыру, домалату, қағып алу:</i> допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (катарынан 3–4 рет). <i>Сапқа түру, сап түзеу, сапқа қайта түру.</i> Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға түру, бағыт бойынша түзелу; онға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстau және жақын түру.  <b>Бірге жаттығулар.</b> Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау <b>Жалпы дамытушы жаттығулар:</b>	

*Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.*

Қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіл, қолдарын айналдыру. Қолды алға созып, саусақтарды жұму және ашу, қолдың білектерін айналдыру.

*Кеудеге арналған жаттығулар.*

Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырғанқалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бұгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру.

*Аяққа арналған жаттығулар.*

Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынга қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жұру.

#### **Спорттық жаттығулар:**

Велосипед тебу: екі немесе уш дөңгелекті велосипед тебу; онға, солға бұрылу.

#### **Қимылды ойындар.**

Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды үйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.

#### **Салауатты өмір салтын қалыптастыру.**

Балаларға адамның дene және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, құтуге болатыны туралы түсінік беру.

#### **Дербес қимыл белсенділігі:**

Балалардың доптармен ойындарын жетілдіру. Ауарайының жағдайын ескере отырып, балалардың таза ауадағы қимыл белсенділігін дамыту, ойындар ойнату

#### **Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру.**

Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханага барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууга, тісін тазалауга үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю.

	<p><b>Өзіне-өзі қызмет көрсете дағдылары.</b>          Өзіне-өзі қызмет көрсете дагдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Кімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құргату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сұрту.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</b>          Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ журу. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.</p>
<b>Тіл дамыту</b>	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b>          Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету</p> <p><b>Сөздік қор.</b>          Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен көңітү, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b>          Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруга, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b>          Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
<b>Көркем әдебиет</b>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапка қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуда, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуда, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпактарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалықекпінді қолданып, оларды есте сақтауда, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауда, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>

	<p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Тілдік дамытушы орта</b> Айналасындағы өзін қоршаган ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқигалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті</b> Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p><b>Сөздік қор</b> Коршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табигат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дагдыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы</b> Сөздерді жіктеп, тәуелден, септеп қолдана білуге үйрету</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу</b> өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойыншаәнгіме құрастыруға баулу.</p>
<b>Математика негіздері</b>	<p><b>Жиын:</b> Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету.</p> <p><b>Сан, санау:</b> Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p> <p><b>Шама:</b> Биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыруды үйрету;</p> <p><b>Геометриялық пішіндер:</b> Балаларды геометриялық фигуralарды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (шар) танып, атап білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеуді дамыту</p> <p><b>Кеңістікте бағдарлау:</b> Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды, берілген бағытта қозгалу(алға-артқа, оңга-солға,</p>

	<p>жогары-төмөн), заттарды оң қолмен солдан оңга қарай орналастыруды, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздөрмен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық түр).</p> <p><b>Уақытты бағдарлау:</b> Тәулік бөліктері (таңертен, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын көңейту.</p>
<b>Сурет салу</b>	<p>Гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, кызыл сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауга ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстaugа, ұқыпты болуға, қауіпсіздікте сақтауға баулу.</p>
<b>Мұсіндеу</b>	<p>Әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тәнерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мұсіндеуді</p> <p>Мұсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды дамыту.</p>
<b>Жапсыру</b>	<p>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылыққабілеті мен қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сзық бойымен алдымен қыска, кейін ұзын жолақтарды қиуды үйрету. Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдердің пішінін қиу және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындауды менгерту.</p>
<b>Құрастыру</b>	<p><b>Құрылыш материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру</b> Құрастыруға қолданғанқұрылыш бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау дағдасын дамыту</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау.</p> <p><b>Қағаздан құрастыру:</b> Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парагын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу</p> <p><b>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:</b> Табиғи (мақта, жұн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қаңқақтың түрлері, пластик, кораптар, кір қыстырығыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.</p>

	<p><b>Музыка</b></p> <p><b>Музыка тыңдау:</b> Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімеледі жетілдіру</p> <p><b>Ән айту:</b> Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар:</b> марш сипатын ырғакты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету</p> <p><b>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау:</b> Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындаудың үйымдастыру</p> <p><b>Билер:</b> музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды менгерту</p>
<b>Коршаған әлеммен таныстыру</b>	<p><b>Бала, оның отбасы, үй:</b> Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде кабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру</p> <p><b>Заттық әлем:</b> Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Байланыс және қозғалыс құралдары:</b> Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білудағыларын қалыптастыру.</p> <p><b>Еңбекке баулу</b> Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастан істі аяғына дейінжеткізе білу, оны жақсы орындау.</p> <p>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диканың еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азық-түлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</b> бірге, келісіп ойнауга, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.</p> <p><b>Менің Отаным – Қазақстан.</b> Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу.</p> <p><b>Жолда журу ережелері.</b> Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау.</p>

### **Өлі табиғат құбылыстары мен заттары**

Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, күннің сүйкітығы), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, мұз, тас, саздың қасиеттерін анықтауды үйрету.

### **Өсімдіктер әлемі.**

Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді көңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орман).

### **Жануарлар әлемі.**

Жабайы андар, олардың сыртқы түрі, қозгалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.

қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын көңейту.

### **Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын мәнгеруіне ықпал ету.**

Коршаган ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сактауды, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу.

«ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас» Жедел қызмет телефондарын үйрету